



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 14 мамыр

Е. Досаев – Ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты

Ағымдағы жылғы сәуірде айлық инфляция 0,5%-ды құрады. Жылдық инфляция 2019 жылға арналған 4-6% нысаналы дәліздің ортасында тұрақтанды және сәуірдің қорытындысы бойынша 4,9% деңгейде қалыптасты. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Ерболат Досаев ҚР Үкіметінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол төмен инфляцияға жылдық көрсету бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарларға бағаның 6%-ға дейін және ақылы қызметтерге тарифтердің 1,2%-ға дейін өсуінің баяулауы ықпал еткенін атап өтті. Инфляцияны орта мерзімді кезеңде нысаналы дәлізде сақтау мақсатында, жылдық көрсетуде 7,1%-ға өскен азық-түлік сегментіндегі бағаны тұрақтандыру үшін Үкіметтің жүйелі шараларын күшейту қажет.

«Инфляцияның ағымдағы деңгейін және инфляциялық күтулерді ескере отырып, базалық мөлшерлеме 9,00%-ға дейін төмендетілді және дәліз +/-1 пайыздық тармақ шегінде сақталды. Инфляцияның тұрақтануы және қаржы-несие саясатының жұмсаруы кредиттердің қолжетімділігінің артуын қамтамасыз етеді. Ағымдағы жылғы наурызда бизнеске арналған теңгемен кредиттер бойынша мөлшерлеме өткен жылғы наурыздағы 12,8%-бен салыстырғанда 12,0%-ға дейін төмендеді, оның ішінде қысқа мерзімді кредиттер бойынша – 12,1%, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша – 11,5%», - деді Е. Досаев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы хабарлағандай, ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты. «13 мамырдағы жағдай бойынша теңгенің айырбастау бағамы жыл басынан бері 1,2%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 379,43 теңгені құрады. Теңге бағамы іргелі факторлардың әсерімен қалыптасуда – мұнайдың әлемдік бағасы жыл басынан бері бір баррель үшін 70,6 АҚШ долларына дейін 31,3%-ға өсті және Ресей рублі жыл басынан бері бір АҚШ доллары үшін 65,23 рубльге дейін 6,1%-ға нығайды», - деді ол.

Е. Досаев Қазақстан Ұлттық Банкінің алтынвалюта резервтері 2019 жылғы 1 мамырда 27,1 млрд АҚШ долларын құрағанын және сәуірде 0,2%-ға төмендегенін атап өтті. Жыл басынан бастап 12%-ға төмендеу екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі валюталық шоттарындағы қалдықтардың қысқаруына және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсетуіне байланысты. Қажетті минимум 3 ай болғанда олардың көлемі шамамен тауарлар мен қызметтер импортының 8 айын құрайды. «Ұлттық қордың активтері 2,3%-ға 59,3 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды. Жалпы халықаралық резервтер 0,4%-ға өсіп, 86,4 млрд АҚШ долларын құрады», - деп толықтырды Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Ол сондай-ақ төлем балансының жай-күйі жақсарып жатқандығын айтып берді. Алдын ала бағалау бойынша, 2019 жылғы 1-тоқсанда ағымдағы операциялар шоты 0,8 млрд АҚШ долларына тең профицитпен қалыптасты (2018 жылғы 1-тоқсанда дефицит 0,9 млрд АҚШ доллары). «Бұл жақсаруға сауда балансының оң сальдосының 14,4%-ға 7,1 млрд АҚШ долларына дейін өсуі себеп болды. Тауарлар экспорты 14,9 млрд АҚШ долларына дейін 9,9%-ға, тауарлар импорты 7,8 млрд АҚШ долларына дейін 6,1%-ға ұлғайды», - деп түсіндірді Е. Досаев.

Е. Досаевтың айтуынша, ағымдағы шот профициті қатарынан 2 тоқсан бойы теңгенің нығаюына алғышарттар жасауда.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы банк секторында қалыпқа келтіру процесі аяқталуда екендігін айтты. «Банктер жұмыс істемейтін қарыздарды тануды, сондай-ақ әлеуетті кредиттік шығындарға провизияларды ұлғайтуды жалғастыруда. Жұмыс істемейтін қарыздар ағымдағы жылдың басындағы несие портфелінен 7,4%-дан ағымдағы жылғы наурыздың қорытындысы бойынша 8,6%-ға дейін өсті. Қалыптасқан провизиялар 2,3 трлн теңгеге дейін немесе несие портфелінен 17,9%-ға дейін өсті», - деді Е. Досаев.

Ол кредиттеудің белсенді түрде қалпына келуде екендігін хабарлады. 2019 жылғы қаңтар-наурызда 2,9 трлн теңге сомаға жаңа кредиттер берілді және өткен жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 8,5%-ға өсті.

«Кредиттеудің өсуіне қорландыру базасының сапалы жақсаруы ықпал етуде. Ұлттық валютадағы салымдар ағымдағы жылдың басынан бастап 5,1%-ға өсті, ал шетел валютасындағы салымдар 20,4%-ға төмендеді. Осының салдарынан депозиттерді долларландыру соңғы 5 жылда ең аз мәнге жетіп, 41,5%-ға дейін төмендеді», - деп түсіндірді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің 7-20-25 бағдарламасын іске асыруды жалғастырып жатқандығын атап өтті.

«Оның қолданыста болған 10 айы ішінде 6 380 отбасы 74,9 млрд теңге сомаға (2019 жылғы 6 мамырдағы жағдай бойынша) жеңілдік талаптармен ипотекалық қарыз алды. Тағы да 1 253 отбасы мақұлдауға ие болып, таяу уақытта қаражат алуды күтіп отыр. Тұтастай алғанда 145,5 млрд теңгеге 12 830 өтінім қабылданды», - деп түсіндірді Е. Досаев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы 7-20-25 бағдарламасының ипотекалық кредиттеудің өсуіне серпін бергені туралы айтты. «2018 жылғы шілдеде іске қосылған сәттен бастап банктердің ипотекалық портфелі 1,4 трлн теңгеге дейін 18,9%-ға өсті», - деді ол.

Е. Досаевтың айтуынша, экономиканың басым секторларын қаржыландыру үшін банктерге ұзақ мерзімді ресурстар берілуде. Көзделген 600 млрд теңгеден 112,7 млрд теңге сомаға үш банктің облигациялары сатып алынды.

Қаржы реттеушісінің басшысы соңғы қарыз алушылардың бұл қаражатты төмен игеруі байқалып отырғанын атап өтті – банктер небәрі 14,9 млрд теңге сомаға өтінімді мақұлдады. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, облыстардың, республикалық маңызы бар 3 қаланың әкімдері нақты экономика тарапынан сұранысты қалыптастыру жұмысын жандандыруға тиіс», - деді ол.

Е. Досаев сөзін қорытындылай келе сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің кеше банктермен осы бағдарламаны іске асыруды жандандыру мәселесі бойынша арнайы кездесу өткізгенін және банктерді толық көлемде және барынша қысқа мерзімде ресурстармен қамтамасыз етуге дайындығын растайтынын хабарлады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz